

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 102 "Мал шаруашылығы саласын субсидиялау нормативтерін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 48 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 наурызда № 4353 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27, 37-баптарына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 102 "Мал шаруашылығы саласын субсидиялау нормативтерін бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3876 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Ә.И. Нәутиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Ноғазев